

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	БББ-АМУ-21
	6B10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы	Изд.№1 Стр 1 из 8

«Астана медицина университеті» КеАҚ
 Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы «30»
 маусымдағы № 6 шешімімен
 бекітуге ұсынылды

«Астана медицина университеті» КеАҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
 2025 жылғы «8» тамыздағы № 9 хаттама

«Астана медицина университеті» КеАҚ
 Директорлар кеңесінің 2025 жылғы
 «8» тамыздағы №9 сырттай отырысының
 шешіміне
 № 9 қосымша

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B10118 «Педиатрия»

Астана, 2025

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	НАО «Медицинский университет Астана»	БББ-АМУ-21 Изд. №1 Стр 2 из 8
	6B10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы	

1. Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласы	Денсаулық сақтау
Дайындық бағыты	Денсаулық сақтау
Білім беру бағдарламаларының тобы	B088
Білім беру бағдарламасы	6B10118 Педиатрия
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Балалар жасындағы неғұрлым кең таралған ауруларды диагностикалау, саралап диагностикалау және емдеу дағдыларын меңгерген педиатр дәрігерге сәйкес тиісті құзыреті бар білікті маман даярлау
Білім беру бағдарламасының түрі	жаңа БББ
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	6
Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	6
Берілетін академиялық дәреже	«6B10118 Педиатрия» білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры
Оқу мерзімі	2021-2027
Білім беру бағдарламасының миссиясы	Қазіргі заманғы жағдайда балаларға өз бетінше және уақтылы медициналық көмек көрсетуге және қазіргі заманғы медицина мен ғылымның өзекті мәселелерін шешуге дайын болуға қабілетті, білімі мен кәсіби құзыреттілігінің жеткілікті деңгейі бар бәсекеге қабілетті дәрігерлерді даярлау. 2025 жылғы 8 тамызда «Астана медицина университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің отырысында бекітілді. №9 хаттама
КО аккредиттеу және сертификаттау	
Білім беру бағдарламасын меңгеруге ниет білдірген адамдардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	Жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім немесе жоғары білім
Бітірушінің біліктілік сипаттамасы	
Маман лауазымдарының тізбесі	Педиатр дәрігер
Кәсіби қызмет саласы	Денсаулық сақтау
Кәсіби қызметтің функциялары	Педиатр дәрігердің функциялары
Кәсіби қызмет түрлері	18 жасқа толмаған балаларға педиатриялық көмекті көрсету.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	НАО «Медицинский университет Астана»	БББ-АМУ-21 Изд.№1
	6B10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы	Стр 3 из 8

2. Бітірушінің құзыреті және оқу нәтижелері

2.1 БББ ОН мен құзыреті

№	Құзыреті	Оқу нәтижелері
	Жалпы құзыреттер	№ ЖҚ
1	Пациенттің курациясы:	1.1 клиникалық диагнозды тұжырымдауға қабілетті
		1.2 емдеу жоспарын тағайындауға қабілетті
		1.3 медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде емдеудің тиімділігін бағалауға қабілетті.
2	Коммуникация және коллаборация:	2.1 пациентпен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті
		2.2 пациенттің ортасымен тиімді әрекеттесуге қабілетті
		2.3 пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті
3	Қауіпсіздік және сапа	3.1 тәуекелдерді бағалауға қабілетті
		3.2 қауіпсіздіктің жоғары деңгейін және медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету үшін неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті
		3.3 медициналық көмектің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті
4	Қоғамдық денсаулық сақтау	4.1 өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық аясы шеңберінде әрекет етуге қабілетті
		4.2 төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге қабілетті
		4.3 ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпаралық командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті
5	Зерттеу	5.1 барабар зерттеу мәселелерін тұжырымдауға қабілетті
		5.2 кәсіби әдебиетті сыни тұрғыдан бағалауға қабілетті
		5.3 өзінің күнделікті қызметінде халықаралық дерекқорды тиімді пайдалануға қабілетті
6	Оқыту және дамыту	6.1 өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға қабілетті
		6.2 кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға қабілетті
		6.3 пікірталастарға, конференцияларға белсенді қатысуға қабілетті
	Кәсіби/арнайы құзыреттер	№ КҚ

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	НАО «Медицинский университет Астана»	БББ-АМУ-21 Изд. №1
	6B10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы	Стр 4 из 8

1.	Балалар мен жасөспірімдерге бастапқы тексеру және диагностикалық іс-шаралар жүргізу	1.1 Коммуникативтік қарым-қатынас, баланың, атананың/занды өкілдердің сұранысы және қажетті мәліметтер алу дағдыларын меңгеру 1.2 Ағзалар мен жүйелердің жай-күйіне, баланың жалпы жай-күйіне объективті тексеру және бағалау жүргізу. 1.3 Ерте жастағы балаларда қауіптілік белгілерін, ағзалар мен жүйелер ауруларының жалпы және ерекше белгілерін анықтау. 1.4 балалардағы гендерлік зорлық-зомбылық белгілерін анықтау 1.5 Физикалық мәртебедегі нормадан ауытқуларды немесе осы ауруды болжауға мүмкіндік беретін қандай да бір симптомдарды анықтаған объективті зерттеу деректерін талдау. 1.6 Айғақтар болған жағдайда балаларды бейінді мамандарға консультацияға жіберу. 1.7 Бұрын жүргізілген зерттеулердің, басқа бейіндегі мамандардың консультацияларының деректерін талдау және жүйелеу. 1.8 Балалардың жас-жыныстық топтары бойынша зертханалық тексеру нәтижелерін түсіндіру. 1.9 Физикалық мәртебедегі нормадан ауытқуларды немесе осы ауруды болжауға мүмкіндік беретін қандай да бір симптомдарды анықтаған объективті зерттеу деректерін талдау. 1.10 Ауру ағымының сатысы мен нысанын, фазасын, белсенділік дәрежесін, функционалдық бұзылу дәрежесін көрсете отырып, диагнозды нақтылау.
2	Балаларға емді тағайындау және оның тиімділігі мен қауіпсіздігін бақылау	2.1 ДДҰ-ның педиатрия саласындағы клиникалық хаттамалары мен нұсқауларына, ұсынымдарына сәйкес пациенттерді жүргізу, диагностикалау және емдеу дағдыларын меңгеру. 2.2 Балалардың жасын және аурудың клиникалық түрін ескере отырып, дәрі-дәрмектік терапия тағайындау. 2.3 Балалардың жасын және аурудың клиникалық түрін ескере отырып, дәрі-дәрмексіз терапия тағайындау. 2.4 Шұғыл жағдайларда балаларға қажетті медициналық көмек көрсету. 2.5 Дәрілік препараттардың әсерін олардың балалар ағзасына фармакологиялық әсерінің жиынтығы бойынша талдау. 2.6 Балалардағы дәрі-дәрмектік терапияның тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. 2.7 Балалардағы дәрі-дәрмектік емес емдеу әдістерінің тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. 2.8 Балалардың жасын және аурудың клиникалық көрінісін ескере отырып, диеталық тамақтануды тағайындау.
3	Балаларға арналған жеке оңалту бағдарламаларын іске асыру және олардың тиімділігін бақылау	3.1 Балалар мен жасөспірімдерді оңалту іс-шараларын ұйымдастыру 3.2 Кемтар балаларды оңалтудың жеке бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысу

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	НАО «Медицинский университет Астана»	БББ-АМУ-21 Изд.№1
	6B10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы	Стр 5 из 8

		3.3 Балалардың жасына және денсаулық жағдайына сәйкес оңалту іс-шараларын жүргізу үшін медицина қызметкерлері мен өзге де мамандарды анықтау. 3.4 Балаларда оңалту іс-шараларын жүргізудің тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау.
4	Балалар үшін жас топтары және денсаулық жағдайы бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізу. Инфекциялардың алдын алу және инфекциялық бақылау	4.1 Профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру көлемі мен дәйектілігін анықтау. 4.2 Балалардың жұқпалы ауруларының спецификалық және спецификалық емес профилактикасы қағидаттарын, баланың жасы мен денсаулық жағдайын ескере отырып, профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбесін қолдану. 4.3 Вакциналарды қолдануға медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерді, вакциналарды қолдану кезіндегі ықтимал реакциялар мен асқынуларды анықтау. 4.4 Баланың денсаулық тобын, оның ішінде білім беру ұйымдарында дене шынықтырумен айналысу үшін белгілеу. 4.5 Созылмалы ауруларды анықтау, диспансерлік бақылау жоспарын жасау, сауықтыру іс-шараларының тиімділігіне мониторинг жүргізу 4.6 Балалардағы паллиативтік көмекке айғақтарды анықтау 4.7 Патронаждық қызметтің әмбебап-прогрессивті моделіне сәйкес профилактикалық медициналық тексерулерді жүзеге асыру, жаңа туған нәрестелер мен сәбилерге патронаждарды және белсенді түрде баруды ұйымдастыру. 4.8 Жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы балаларға скрининг жүргізу. 4.9 Диспансерлік есепте тұрған созылмалы аурулары бар балаларға динамикалық бақылау, емдеу және сауықтыру жүргізу. 4.10 Аурудың алдын алу және азайту, әлеуметтік мәні бар аурулардың, оның ішінде онкологиялық, гематологиялық, В және С гепатиттерінің, АҚТҚ инфекциясы мен туберкулездің ерте нысандарын анықтау жөнінде іс-шаралар жүргізу. 4.11 Профилактикаға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу медициналық көмекке байланысты инфекциялар (хирургиялық араласу саласының инфекциялары, қан ағымының ассоциацияланған инфекциялары катетері, несеп шығару жүйесінің ассоциацияланған инфекциялары катетері, төменгі тыныс алу жолдарының инфекциялары, гемоконтакттік инфекциялар (В және С гепатиттері, АИТВ). 4.12 Инфекцияның алдын алу және инфекциялық бақылау, микробқа қарсы тұрақтылықтың қалыптасуының алдын алу жөніндегі іс-шараларға қатысу. 4.13 Ата-аналарды гендерлік зорлық-зомбылыққа жол бермеу туралы, сондай-ақ зорлық-зомбылықтан аман қалған адамдарды құқықтық қорғаудың, әлеуметтік және психологиялық қолдаудың қолданыстағы тетіктері мен шаралары туралы хабардар ету

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	НАО «Медицинский университет Астана»	БББ-АМУ-21 Изд.№1
	6B10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы	Стр 6 из 8

5	Аурулардың алдын алуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған білім беру, тәрбиелік және үгіт іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.	5.1 Дұрыс тамақтану, балалар ауруларының алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша ата-аналармен және отбасы мүшелерімен немесе заңды өкілдерімен ақпараттық жұмыс жүргізу. 5.2 емшек сүтімен қоректендіруді қолдау мәселелері бойынша кеңес беру. 5.3 Өмірдің түрлі салаларында: тамақтану, су, санитарлық жағдайлар, тұрғын үй жағдайлары, жеке гигиена сияқты қауіпсіздік пен гигиенаны қамтамасыз етуге арналған санитарлық талаптар, ережелер мен ұсынымдар туралы, сондай-ақ тиісті көрсеткіштерсіз антибиотиктерді қолданумен байланысты қатерлер туралы ақпарат беру. 5.4 Ұлттық, халықаралық хаттамалар мен ұсынымдарға сәйкес пациенттер мен олардың заңды өкілдерін вакциналар, олардың маңыздылығы, артықшылықтары мен ықтимал тәуекелдері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету. 5.5 Тұрақты медициналық тексерулер мен скринингтік бағдарламалар туралы ақпарат беру. 5.6 Денсаулықты сақтау, нығайту, санитарлық-гигиеналық мәдениетті арттыру мақсатында санитарлық-гигиеналық дағдыларды үйрету: гигиенаны және қауіпсіздікті сақтау, оның ішінде стандартты сақтық шаралары (қол гигиенасы, жөтел этикеті, жеке қорғаныш құралдары, қауіпсіз инъекцияларды басқару, қалдықтарды дезинфекциялау және стерильдеу), инфекциялардың алдын алу. 5.7 Салауатты өмір салтын, рационалды және дұрыс тамақтануды, дене белсенділігінің маңыздылығын, зиянды әдеттерден бас тартуды, психологиялық салауаттылықты қолдауды насихаттау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.
6	Пациентпен, оның туыстарымен немесе заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау	6.1 Пациентті немесе оның заңды өкілін жағымсыз жаңалықтарды хабарлауды қоса алғанда, аурудың ағымы, емі және болжамы туралы кеңес беру. 6.2 Пациентті және (немесе) оның заңды өкілдерін диагностиканың, емдеудің ұсынылатын түрі, ақпараттандырылған келісім ала отырып, ықтимал асқынулар туралы хабардар ету. 6.3 Пациентті немесе оның заңды өкілін олардың артықшылықтарын, құндылықтарын және хабардар болу деңгейін ескере отырып, шешім қабылдау процесіне тарту. 6.4 Пациент немесе оның заңды өкілі саналы шешім қабылдауы үшін ақпараттың түсініктігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, рәсімдер мен технологияларды түсіндіру. 6.5 Емдеудің тиімділігін және пациенттің дәрігермен ынтымақтастығын арттыру үшін пациенттерге эмпатия және қолдау көрсету.
7	Диагностика, емдеу, оңалту, жұқпалы аурулардың	7.1 Педиатрия мәселелері бойынша МСАК және аралас мамандықтар дәрігерлеріне консультация беру және олардың біліктілігін арттыруға қатысу.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	НАО «Медицинский университет Астана»	БББ-АМУ-21 Изд. №1
	6B10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы	Стр 7 из 8

	таралуының алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға кешенді көзқарасты қамтамасыз ету мәселелері бойынша басқа да мамандармен және денсаулық сақтау қызметтерімен ынтымақтастық.	7.2 Пациенттерге медициналық көмектің толық спектрін қамтамасыз ету үшін басқа мамандармен және денсаулық сақтау қызметтерімен командаларда жұмыс істеу. 7.3 Медициналық көмектің үздіксіздігін және қажет болған жағдайда уақтылы араласуды қамтамасыз ету үшін басқа мамандармен және денсаулық сақтау қызметтерімен ақпарат алмасу. 7.4 Мультидисциплинарлық топтар жұмысына, консилиумдарға, клиникалық аралауларға қатысу. 7.5 Инфекциялардың таралуын болдырмау, вакцинация жүргізу және төтенше жағдайларға ден қою үшін қоғамдық ұйымдармен және денсаулық сақтау қызметтерімен ынтымақтастық. 7.6 Пациенттерді одан әрі диагностикалау және емдеу үшін мамандарға немесе мамандандырылған денсаулық сақтау қызметіне жіберу.
8	Медициналық практикада есепке алу және құжаттау	8.1 Уәкілетті орган белгілеген нысандар, түрлер, көлемде, тәртіппен және мерзімдерде медициналық құжаттаманы ресімдеу. 8.2 Талаптарға сәйкес медициналық құжаттаманы ұйымдастыру және сақтау. 8.3 Дербес деректерді қорғауға және медициналық ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты нормалар мен ережелерді сақтай отырып, медициналық ақпаратты құпия өңдеу. 8.4 Кәсіби қызметте денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелерді пайдалану.
9	Зерттеулер мен ғылыми жобаларға қатысу	9.1 Зерттеу мәселелерін тұжырымдау, гипотезалар әзірлеу, деректерді жинау және талдау, статистикалық талдау жүргізу және зерттеу нәтижелерінен қорытынды шығару. 9.2 Зерттеуге қатысатын пациенттердің құқықтары мен әлауқатын қорғау және құпиялылық, ақпараттандырылған келісім, әділеттілік қағидаттарын сақтау. 9.3 Әдебиетті іздеу және талдау, зерттеу деректеріне сыни баға беру. 9.4 Зерттеу жоспары мен дизайнын, әдіснаманы таңдауды, енгізу және шығару критерийлерін анықтауды, деректерді жинау хаттамасы мен схемасын әзірлеуді қоса алғанда, зерттеулерді жобалау дағдыларын меңгеру. 9.5 Зерттеу нәтижелерін жазбаша түрде ұсыну және ғылыми журналдарда мақалалар жариялау.
10	Кәсіби жетілдіруге ұмтылу	10.1 Кәсіби оқыту іс-шараларына: конференцияларға, семинарларға, вебинарларға қатысу. 10.2 Тұлғалық дағдыларды жаттықтыру: көшбасшылық, командалық жұмыс, эмпатия және бейімделу, бастамашылық және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жауапкершілік. 10.3 Уақыт пен стрессті басқару дағдыларын дамыту.

2.2 Оқу нәтижелері

№	Код	Оқу нәтижелері
---	-----	----------------

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	НАО «Медицинский университет Астана»	БББ-АМУ-21 Изд.№1
	6B10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы	Стр 8 из 8

1	ОН 1	Бала жасындағы ауру анамнезін жинау, пациенттің ауырлық жағдайын бағалау және медициналық құжаттаманы ресімдеу мәселелері бойынша білімі мен түсінігін көрсетеді
2	ОН 2	Балалардағы аурулардың негізгі патологиялық белгілері мен синдромдарын анықтау үшін тиісті кәсіптік сала бойынша қолданбалы сипаттағы жаңа білім алуға қабілетті. жетекші синдром бойынша дифференциалды диагностика жүргізе алады, балалар денсаулығының клиникалық диагнозын қою үшін зерттеу нәтижелерін түсіндіре алады.
3	ОН 3	Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда, сондай-ақ экстремалды жағдайларда, эпидемиялар мен жаппай зақымдану ошақтарында балалар жасындағы пациенттерге алғашқы және шұғыл медициналық көмек көрсетуге қабілетті
4	ОН 4	Диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес медициналық қызметтер шеңберінде аурулармен ауыратын балалар жасындағы пациенттерге медициналық көмек көрсетуге қабілетті
5	ОН 5	Этикалық және құқықтық принциптерді білу мен түсінуді көрсетеді: Қоғамда қабылданған моральдық және құқықтық нормаларды ескере отырып, кәсіби қызметін жүзеге асырады. Дәрігерлік этика қағидаларына, құпия ақпаратпен жұмыс істеуге қатысты заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әрекет етеді. Дәрігерлік құпияны сақтайды.
6	ОН 6	Балалар денсаулығын қорғау саласындағы алдыңғы қатарлы кәсіби және ғылыми білімдерін базалық күрделілік деңгейінде меңгергенін байқатады. Балалардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына әсер ететін психологиялық және әлеуметтік факторларды ескере алады. Бала жастағы науқастарға әртүрлі жағдайлар мен аурулар кезінде психосоциалдық қолдау көрсету.
7	ОН 7	Балалардың медициналық құжаттарындағы деректерді талдау және бақылау үшін ақпараттық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) практикалық қызметте қолдана алады және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру.
8	ОН 8	Көрсетілетін ғылыми зерттеу дағдылары: Ақпараттық база деректерінде тиімді іздеуді жүргізеді, ғылыми деректерді талдаумен айналысады. және зерттеу мен талдау бағытын айқындайды.